

4 маусым 2009 ж.

ПРЕЗИДЕНТ ОБАМАНЫҢ ЖАҢА БАСТАУЛАР ЖӨНІНДЕГІ СӨЗІ

*Каир университеті
Каир, Мысыр*

Жергілікті уақыт 13:10

ПРЕЗИДЕНТ ОБАМА: Сіздерге көп рахмет. Қайырлы күн. Мен өзімнің бүгін мәңгі қала Каирге келуім мен екі бірдей таңдаулы институттың қонағы болуымды үлкен мәртебе санаймын. Мыңдаған жылдар бойы Әл-Азхар университеті Исламдық білім берудің шамшырағы болып келе жатыр; сонымен қатар, Каир университеті жүз жылдан бері Мысырдың ілгерілеуінің қайнар көзі болып табылады. Ал екеуін қосып алғанда, дәстүр мен дамудың үйлесімділігін бейнелейді. Мен сіздердің және бүкіл Мысыр халқының қонақжайлылығына алғысымды білдіремін. Және мен бүкіл Америка халқының және өз елімінің мұсылман қауымы берген ақ батасы мен бейбіт тілегін сіздерге жеткізуге қуаныштымын. Ассалам уағалейкум. (қолшапалақ)

Біз Құрама Штаттар мен дүние жүзілік мұсылман елдер арасындағы үлкен шиеленістің орнаған кезінде кездесіп отырмыз. Бұл қақтығысты қазіргі саяси пікірталасқа бағынбайтын тарихи күштер дүниеге келтірді. Ислам мен Батыс арасындағы қарым-қатынас тарихы жүздеген жылдар бойына созылған қатар өмір сүру мен ынтымақтастыққа да, қақтығыс пен діни соғысқа да толы болды. Одан жақынырақ алсақ, көптеген мұсылмандардың құқықтарын мойындамай, оны пайдалануға мүмкіншілік бермейтін колониализм, сонымен қатар, мұсылмандық көпшілігі бар елдерді қалауларын сұрамай, өз мүддесіне пайдаланған қырғи-қабат соғыс арқылы сол кернеулік күшейіп отырды. Оның үстіне қазіргі заман мен ғаламдану әкелген түбегейлі өзгерістер көптеген мұсылмандарды Батысқа өз салт-дәстүрлерінің жауы ретінде қарауға мәжбүрледі.

Қатыгез экстремистер бұл қарбаласты мұсылмандардың шағын да ықпалды топтарын бізге қарсы қоюға пайдаланған. 2001 жылдың 11 қыркүйек шабуылдары мен бейбіт азаматтарға қарсы жасалған зұлымдық әрекеттерінің жалғасуы менің елімдегі кейбір тұрғындар арасында Исламның Америка мен Батыс елдерінің ғана емес, сонымен қатар, адам құқықтарының сөзсіз дұшпаны ретіндегі көзқарас қалыптастырды. Осының бәрі қорқыныш пен үрейді күшейтті.

Біздің қарым-қатынастарымыз қаншалықты біздің айырмашылықтарымызға негізделетін болса, соншалықты біз бейбітшіліктен гөрі өшпенділікті және барлық адамдарға әділдік пен ырыс әкелетін ынтымықтастан гөрі шиеленісті тарататындарды қуаттаймыз. Ал осы сезіктену пен келіспеушілікке толы кезең аяқталу керек.

Мен бұл жерге Құрама Штаттар мен дүние жүзі Мұсылмандары арасында екі жақты қызығушылық пен әспетке толы жаңа бастауларды іздеп келдім, ол шынайы түрде өзара түсіністік пен сыйластыққа негізделу керек, Америка мен мұсылман әлемінің басқалардан артықшылығы жоқ дегенді негізге алып, олар арасында бәсекелестік болмау керек. Керісінше, олар қатынасып, әділет пен ілгері даму, төзімділік пен адам баласын қадірлеу секілді ортақ қағидаларды ұстануы керек.

Мен өзгерістің бір түннің ішінде бола қалмайтынын айқын сезінемін . Менің білуімше, бүгінгі сөзімнің алдында көптеген пікір алмасу орын алды, бірақ ешқандай үндеу жылдар бойына қалыптасқан сенімсіздікті жоя алмайды, мен де бүгінгі бөлінген уақытта бізді осындай жағдайға әкеліп соқтырған мәселелер жайында толығымен жауап бере алмаспын. Бірақ мен алға жылжу үшін біз бір-бірімізге кейде тек есікті жауып айтылатын, жүректеріміздің түкпірінде жатқан нәрселерді ашық айтуымыз керек дегенге толық сенемін. Біз әрдайым бір-бірімізді тыңдауға, бір-бірімізден үйренуге, бір-бірімізді сыйлауға және бәрімізге ортақ ұстаным табуға тырысуымыз керек. Қасиетті Құран кітабында жазылғандай, “Құдайды сезініп, әрдайым шындықты айт”. (қолшапалақ) Сондықтан мен бүгін, қойылған мақтымды ескере отырып, және адам баласы ретіндегі бізді ажырататыннан гөрі біріктіретін әлдеқандай мықты күштердің барына шынайы сене отырып, осыны істеуге тырысамын: қолымнан келгенше шындықты айтамын.

Мұндай сенім-наным менің өзімнің де түп-тамырымда жатыр. Мен христиан дініндемін, бірақ менің әкем тегі мұсылман кениялық отбасынан шыққан. Мен бала кезімде бірнеше жыл мұсылман елі Индонезияда тұрдым, онда күннің шығысы мен кештің батысы арасында азан шақыруды естіп өстім. Жас жігіт кезімде мен бейбітшілік пен ар-ожданды мұсылман дінінен тапқан Чикаго қауымдастықтарымен бірге жұмыс істедім.

Тарих факультетінің түлегі ретінде мен өркениеттің Ислам дініне қарыздар екенін де жақсы білемін. Исламның, атап айтқанда Әл-Азхар секілді оқу орындары арқасында адамдар ғасырлар бойы білім жарығына қол жеткізіп, Еуропалық Реннесанс пен Ағарту ойларына жол ашылды. Мұсылман қауымдастықтарының жаңалықтары -- (қолшапалақ) – мұсылмандық қауымдардың жаңа білімге талпынысы алгебра жүйесін, магнитті компасымыз бен теңізде жол табу құралдарын, қалам мен кітап шығару қабілетімізді, дерттердің тарауы туралы және оны қалай тоқтатуға болатындығы жайлы түсінігімізді дүниеге әкелді. Ислам мәдениеті бізге айбынды дарбаза мен шексіз әуелеген сүмбілерді; мәңгі назым мен емірен әуенді; әсем жазу мен елеңсіз ойлану мүмкіншіліктерін әкелді. Бүкіл тарихы бойына Ислам сөз бен іс арқылы діни төзімділік пен нәсілдік теңдіктің мүмкін екендігін көрсетті. (қолшапалақ)

Сонымен қатар, мен Исламның әрқашан Америка тарихының бөлігі болғандығын білемін. Менің елімнің егемендігін мойындаған бірінші мемлекет Морокко болатын. 1796 жылы Триполи келісіміне қол қойған кезде біздің екінші президентіміз Джон Адамс былай деп жазыпты: "Құрама Штаттардың мұсылман заңы, діні, немесе сабырлылығына қарсылығы жоқ". Біз құрылған күннен бастап Америкалық мұсылмандар Құрама Штаттардың ырысына ат салысты. Олар соғысқа қатысып, үкіметке қызмет етті, азаматтық құқықтар үшін күресті, бизнес ашты, университеттерімізде дәріс берді, біздің спорттық алаңдарымызда басымдық көрсетті, Нобель жүлдесіне ие болды, біздің ең биік ғимаратымызды салып, олимпиадалық алауды жақты. Ал таяуда конгреске сайланғаннан бірінші американдық мұсылман өзінің Конституциямызды болжытпай орындау антын ел негізін қалаушылардың бірі Томас Джефферсонның меншік кітапханасында сақталған қасиетті Құран кітабын ұстап берді. (қолшапалақ)

Сонымен мен Исламның пайда болған өңіріне келмей тұр, оны үш континентте таныдым. Бұл тәжірибе менің Америка мен Ислам арасындағы әріптестіктің Исламның қандай құбылысқа жатпайтынын емес, оның қандай құбылысқа жатанынын негізге алып қарастыру керек деген сенімімді құрайды. Ал мен Құрама Штатары президенті ретінде,

қай жерде пайда болса да, Исламға қатысты қолайсыз стереотиптерді жоюды өз міндетім деп санаймын. (қолшапалақ)

Дәл осы ұстаным Америкадағы мұсылмандарға да қолданылуы керек. (қолшапалақ) Мұсылмандардың дәрежі стереотиптерге жатпайтыны сияқты, Америка да тек өз мүддесін ғана көздейтін империя деген стереотипке бағынбау керек. Құрама Штаттар дүние жүзіндегі орын алған прогрестің зор көздерінің бірі. Біз империяға қарсы революцияның арқасында дүниеге келдік. Біздің еліміз барлық адамдардың тең болып жаратылғаны жөніндегі идеал негізінде құрылған, сондықтан осы сөзді мағыналы ету мақсатында біз ғасырлар бойғы ел ішінде және шет елдерде қан төгіп, соғыстық. Біздің мәдениетіміз әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген көптүрлі мәдениеттерден құралған, сондықтан біз осы қарапайым қағиданы адал ұстанамыз: E pluribus unum -- "Көптен шыққан бірегейміз".

Қазір де Африкалық текті Американдық Барак Хуссейн Обаманың ел Президенті сайланған фактіге көп мән беріліп отыр. (қолшапалақ) Бірақ менің жеке бас тарихым соншалықты ерекше деп айта алмаймын. Барлығына бірегей мүмкіншілік жөніндегі арман әр адамның өмірінде жүзеге аса бермейді, бірақ ондай мүмкіншілік біздің жағалауымызға келген әр адам үшін бар – айтып жатқаным бүгін біздің елде тұрып жатқан және орташа Американдықтарға қарағанда жоғарырақ табысы мен білімі бар шамамен 7 миллион Америка мұсылмандарына да қатысты. (қолшапалақ)

Америкадағы бостандықтар адамдардың белгілі бір дінге сыйыну бостандығынан бөлінбейді. Сол себептен біздің одақтың әр штатында мешіттер бар, ал бүкіл елімізде барлығы 1,200 мешіт істеп жатыр. Сол себептен де әйел мен қыздардың хиджаб тағу құқықтарын қорғау және оларды қабылдамағандарға айып тағу мақсатында біздің үкіметіміз сотқа дейін барды. (қолшапалақ)

Ислам – Американың мызғымас бөлігі екеніне сіздер күмәнданбауларыңыз керек. Сондықтан да барлығымыздың Америкада нәсілге, дінге, немесе тұрмыс деңгейге қарамастан, бейбіт пен қауіпсіздік жағдайда тұрғымыз, білім алып беделді жұмыс істегіміз, отбасыларымызды, қауымымыз бен Құдайды сүйгіміз келеді. Бұл - бәрімізге ортақ сенім. Бұл - бүкіл адамзаттың үміті.

Әрине, барлығымыздың адам баласы екенімізді мойындау – осы тақырыптың тек бастауы ғана. Тек сөзбен ғана адамдардың тілек-талабын қамти алмайсыз. Бұл мақсатқа біз көп жылдар бойына батыл әрекет жасасақ қана жете аламыз, және біз өміріміздегі қиыншылықтардың барлығымызға ортақ екенін, ал оларды шеше алмасақ, ауырлығы барлығымызға тиетінін түсінуіміз керек.

Біздің соңғы уақытта жинаған тәжірибеміз бір елдің қаржы жүйесі бәсеңсіген кезде барлық адамдардың әл-ауқаты зардап шегетінін үйретті. Егер жаңадан шыққан тұмау бір адамға тисе, онда қалғандардың барлығына да қауіп төнеді. Егер бір ел ядролық бомбаға ие болса, онда ядролық шабуыл қаупі барлық мемлекеттерге төнеді. Егер қатыгез экстремистер бір тау етегінде әрекет етіп жатса, онда мұхиттің арғы жағындағы елдерге де қауіп төнеді. Егер Босния мен Дарфурдың жазықсыз халқы қырылып жатса, бұл жағдай біздің ұжымдық ұзданымызға дақ келтіреді. (қолшапалақ) 21-ші ғасырда бір әлемді бөлісу осындай болады екен. Бұл - бір-біріміздің алдымыздағы адам баласы ретіндегі жауапкершілігіміз.

Ал сол жауапкершілікті арқалау өте қиын. Адам тарихында әрдайым ұлт пен тайпаға бөліну орын алды – сондықтан діндер өз мүдделерін қорғау барысында бір- бірін бодандап жатты. Ал қазіргі заманда ондай көзқарас жеңіліске ұшыратады.

Барлығымыздың бір-бірімізге тәуелді екендігімізден, сол себептен бір халық немесе топты басқалардан гөрі жоғарылату жүйесі қалғандарының орынын міндетті түрде төмендетеді. Өткен жылдарға көзқарасымызға қарамастан, біз оның тұтқынына түспеуіміз керек. Өз мәселелерімізді біз тек серіктестік арқылы шешуіміз керек; ал біздің жетістіктеріміз барлығымызға ортақ болу керек. (қолшапалақ)

Бірақ осы айтқаным біз кернеулік көздеріне мән бермеуімізге болады деген сөз емес. Керісінше, оның мағынасы мынадай: біз сол шиеленістерді ашық қабылдауымыз керек. Сондықтан барлығымыз қолымыздан келгенше бірігіп шешетін бірнеше ерекше мәселені ашық және анық талқылайық.

Бірігіп шешетін мәселелеріміздің біріншісі – қатыгез экстремизмнің барлық түрлері.

Анкарада мен мына ойды ашық жеткіздім: Америка Исламмен соғыс жүргізіп көрмеген және жүргізбейді де. (қолшапалақ) Бірақ біз тыныштығымызға қауіп төндіріп жатқан қатыгез экстремизммен үздіксіз соғыс жүргіземіз. Себебі біз барлық дін өкілдері қабылдамайтын нәрселерді қолдамаймыз -- ол жазықсыз еркек, әйел мен балаларды өлтіру. Сондықтан менің президент лауазымымдағы бірінші міндетім – Америка халқын қорғау.

Ауғанстандағы жағдай Америка мақсаттары мен біздің бірге жұмыс істеу қажеттілігімізді анық көрсетеді. Жеті жылдан астам уақыт бұрын Құрама Штаттар Әл-Каида мен Талибанды кең көлемді халықаралық қолдауға сүйене отырып қуғындады. Біз ол іске өз еркімізбен кіріскен жоқпыз, одан басқа амалымыз болған жоқ. Кейбіреулердің 9/11 уақиғаларын ақтап, оған негіз тауып отырғанын мен білемін. Бірақ бұны анықтап алайық, сол күні Әл-Каида 3,000 адам өлтірді. Жазықсыз, ешкімге жамандығы жоқ Америка мен көптеген басқа елдердің ерлері, әйелдер мен балалары оның құрбаны болды. Ал Әл-Каида сол адамдарды аяусыз өлтіруді дұрыс деп тапты, шабуыл арқасында ұпай жинағысы келді, қазір де үлкен ауқымда адам өлтіруге бел буғанын жария етіп отыр. Олардың көптеген елдерде қолдаушылары бар, олар өз байлығын өсіргісі келеді. Мен пікір немесе ойды талқыға салып отырған жоқпын, бұл тек фактілер ғана.

Ал қазір дұрыс түсініңіз: біздің Ауғанстанда өз әскерімізді ұстағымыз келмейді. Біз әскери ұпай көздеп отырған жоқпыз – біз әскери база іздеп жатқан жоқпыз. Америка үшін өз ұлдары мен қыздарын жоғалту – үлкен қайғы. Осы шиеленісті жалғастыру біз үшін өте қымбат және күрделі. Біз Ауғанстанда қатыгез экстремисттердің қалмағанына көзіміз жетсе, әскерілеріміздің әрқайсысын қуана үйге жіберер едік; ал қазір Пәкістан да қолдарынан келгенше көбірек Америка азаматтарын өлтірсек дейді. Бірақ ол жүзеге аспайтын жоспар.

Сондақтан да біз 46 мемлекет құрамына кіретін коалициямен серіктестік құрдық. Бағасына қарамастан, Америка міндеттемелерін бәсеңдетпейді. Шынында да біздің ешқайсымыз экстремизмге төзбеу керек. Олар көптеген елдерде адам өлтірді. Олар әр түрлі дін өкілдерін өлтірді, бірақ басқаларға қарағанда олар мұсылмандарды көп қырды. Олардың әрекеттері адам құқықтарына, мемлекеттің дамуына және Ислам қағидаларына сәйкес келмейді. Қасиетті Құран бізге «жазықсызды өлтірген адам бүкіл адамзатты өлтіргендей болады» - дейді. (қолшапалақ) Сонымен қатар қасиетті Құранның айтуынша, «біреуді сақтап қалған адам бүкіл адамзатты сақтағандай болады». (қолшапалақ) Миллиардтан астам адамның көпжылдық сенімі бірнеше адамның өшпенділігінен әлдеқайда артық. Қатыгез экстремизмге қарсы тұру мәселесіне Исламның қатысы жоқ, себебі ол бейбітшілікті орнатудың маңызды бөлігі.

Бүгін біз тек әскери күшпен Ауғанстан мен Пәкістан мәселелерін шеше алмайтынымызды білетін болдық. Сондықтан біз келесі бес жыл бойына жыл сайын 1.5 миллион доллар бөліп, Пәкістанда мектеп, аурухана мен жол салуға және жаңа кәсіпорындар ашуға, және тағы жүздеген миллионды орындарынан айырылғандарға көмек көрсету үшін бөлетін болдық. Сондықтан да біз Ауғанстан экономикасын дамыту мен халыққа қажетті қызмет көрсету үшін 2.8 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы бөліп отырмыз.

Енді Ирак мәселесіне бет бұруға рұхсат етіңіз. Ауғанстанға қарағанда Ирактағы соғыс өз еркімізбен басталды, ол менің елімде және дүние жүзіндегі көзқарастардың қатты бөлінуіне әкеп соқты. Менің Ирак халқының қазіргі жағдайы Саддам Хүсейннің тираниясыз әлдеқандай жақсы халде екеніне шынайы сенетініме қарамастан, бұл Ирактағы уақиғаның дипломатияны қолданудың және өз мәселелерімізді шешкенде қолдан келгенше халықаралық ауызбіршілікке жетудің қажеттілігін Америка халқының есіне салғанына мен шын жүректен сенемін. (қолшапалақ) Шынында да біз Томас Джефферсонның сөзін еске алуымыз керек, ол былай деп еді: "Мен біздің қуатымыз бен бірге біздің ақылымыздың өсетініне сенемін, ол бізге күшіміздің азырақ қолданған сайын өсе беретінін үйретті".

Бүгін Американың екі бірдей міндеті бар: Иракқа жарқын болашаққа қол жеткізуге көмек көрсету және Иракты Ирак азаматтарына тапсыру. Мен оны Ирак халқына анық жеткіздім (қолшапалақ) – біздің база саламыз немесе елдің жері мен қорларына ие боламыз деген ниетіміз жоқ екенін мен Ирак халқына анық жеткіздім. Ирактың егемендігіне тек халқының өзі ие болады. Сондықтан да мен келесі жылдың тамызына дейін біздің жауынгерлік бригадаларымызды Ирактан шығаруға бұйырдым. Осы себептен біз демократиялық түрде сайланған Ирак үкіметімен жасаған әскерімізді Ирак қалаларынан шілдеге дейін, ал барлық жауынгерлерімізді 2012 жылдың басына дейін шығару туралы келісім-шартымызды орындаймыз. (қолшапалақ) Біз Иракқа оның қауіпсіздік күштерін дайындауда және экономикасын қалыптастыруда көмек көрсетеміз. Бірақ біз серіктес ретінде тек қауіпсіз және біріккен Иракты ғана қолдаймыз. Басшы ретінде емес, серіктес ретінде ғана.

Ақырында, Американың экстремистердің қатыгездігіне ешқашан төзбейтіні секілді, біз аталған ұстанымды ешқашан өзгертіп-ұмытпауымыз керек. Он бірінші қыркүйек біздің ел үшін шектен тыс жаракат әкелді. Оның тудырған зәресі мен қаһарын түсінуге болар еді, бірақ кей кездерде олар біздің елдің дәстүрі мен мұраттарына тән емес әрекеттерге итермеледі. Біз сол беталысымызды шын мәнінде өзгертуге бел будық. Мен нақты түрде Құрама Штаттар тарапынан адам азаптауды тоқтатуды бұйырдым, сонымен қатар, Гуантанамо шығанағында орналасқан абақтыны жабуға бұйырық бердім. (қолшапалақ)

Сонымен, Америка шет елдердің егемендігін құрметтеп, заңдылықты сақтай тұра, өзін-өзі қорғауға ынталы. Біз осы ұстанымды қауіп төнген мұсылман қауымымен бірігіп жүзеге асырамыз. Экстремистер мұсылман қауымынан шеттетіліп, қуылатын болса, қауіпсіздік біздің барлығымыз үшін орнығар еді.

Біздің талқылауымызды күтіп тұрған екінші салмақты шиеленіс көзі – Израильдің Палестина мен бүкіл Араб әлемімен қарым-қатынасы.

Америка мен Израильдің байланыстары өте тығыз екенін барлығыңыз білесіздер. Осы қарым-қатынасты үзу мүмкін емес. Оның мәдени және тарихи негізі бар. Ал еврейлердің атамекеніне қайтып оралу талпынысы елдің теріске шығаруға болмайтын қайғылы тарихына негізделген.

Дүние жүзінің түпкір- түпкірінде еврейлер ғасырлар бойы қудаланып, Еуропадағы анти-семитизм теңдесі жоқ Холокостпен өз шыңына жетті. Ертең мен Бухенвальдге барамын, ол Үшінші Рейхтың еврейлерді құлдыққа салу, азаптау, ату және газбен тұншықтыру лагерлер жүйесінің бір бөлігі болды. Алты миллион еврей өлімге жазылды – бұл бүгінгі Израильдегі еврейлер санынан көп. Оны мойындамау немқұрайлылық пен жексұрындық. Израильді құртам деп қорқыту немесе еврейлер жайында арам таптаурындарды қайталау - түбегейлі қате және ол тек израильдіктердің санасына ауыр тиіп қана қоймай, аймақта бейбітшілік қалыптастыруға кедергі жасайды.

Екінші жағынан, Палестина халқының да, оның ішінде мұсылмандар мен христиандардың да, атамекен іздеген жолында көптеген қиыншылық көргенін жоққа шығаруға болмайды. 60 жылдан астам уақыт бойына олар қаңғудың қорлығын көрді. Көпшілігі Газа секторының Батыс жағалауында орналасқан босқындар лагерінде немесе көршілес мемлекеттерде өмірлерінде әлі енбеген бейбіт және қауіпсіз тұрмысты күтіп отыр. Олар жаулап алумен бірге келген үлкен-кіші қорлықты бастарынан күнделікті кешіріп отыр. Сондықтан бұл мәселеде сіздерде күмән болмасын: Палестина халқының жағдайына немқұрайлықпен қарауға болмайды. Сондықтан да Америка Палестина халқының мәртебелі, мүмкіншілігі мол және тек өздеріне тәуелді ел құру талпынысына дұрыс көзбен қарайды. (қолшапалақ)

Ондаған жылдар бойы мәселе тұйыққа тіреліп жатты: орынды талабы бар екі ел, екеуінің де кәдеге келуге жол бермейтін қайғылы тарихы бар. Бұл жерде палестиналықтардың Израильдің құрылуымен келген қуғын-сүргінге, ал Израиль азаматтарының бастарына түскен бітпейтін өшпенділік пен ішкі және сыртқы шабуылдарға назарын ауып кетіру оп-оңай. Бірақ біз жанжалға тек бір жақты қарайтын болсақ, бір елдің немесе екіншісінің жағына шықсақ, онда біз нағыз шындықты көре алмай қаламыз: екі жақтың да талабын орындайтын жалғыз шешім – Израиль халқы мен Палестина азаматтарының бейбіт және қауіпсіз өмір сүруге жағдай жасайтын екі мемлекет құру. (қолшапалақ)

Ол Израильдің, Палестинаның, Американың және бүкіл әлемнің де мүддесіне сай келеді. Сондықтан мен осы мәселемен қажетті шыдамдылық таныта айналысайын деп отырмын. (қолшапалақ) Міндеттемелер жөнінде сөз қозғайтын болсақ, екі елмен де келісілген міндеттемелер даму жоспарында анық басылған. Болашақта бейбітшілік орнату мақсатында олардың және барлығымыздың мойынға алған жауапкершіліктерімізді ұстанып өмір сүруге уақыт келді.

Палестиналықтар зорлық-зомбылықтан бас тарту керек. Зорлық-зомбылық және адам өлтіру арқылы көрсетілген қарсылық нәтиже әкелмейді. Ғасырлар бойына Америкада тұратын қара нәсілділер құл болып, қамшының зорлығы мен сегрегацияның қорлығын көріп өтті. Бірақ олар толық және тең құқыққа зомбылық арқылы ие болған жоқ. Олар Америка қоғамының нағыз ортасында бейбіт және батыл түрде өз армандарын жүзеге асырды. Дәл осы әңгімені Оңтүстік Африка тұрғындары Оңтүстік Азиялықтарға және Шығыс Еуропалықтар Индонезия тұрғындарына айта алады. Бұл уақиғаның қарапайым қайырымы бар: зомбылықтың өзі – тұйыққа әкеп тірейтін жол. Ұйықтап жатқан балаларға зымыран тастау немесе автобуста келе жатқан егде әйелдерді жару -

батылдықтың немесе күштің белгісі емес. Ол моральдық күштің жеңісі емес, бұл - оның ұтылысы.

Қазір палестиналықтардың қандай мемлекет орната алатыны жайлы ойлануы жөн. Палестина басшылығы мемлекеттік басқаруды үйренуі керек, халықтың қажетін қамтамасыз ете алатын институттар құру керек. Хамас кейбір палестиналықтардың қолдауына ие, бірақ ол да мойнына алған міндеттері бар екенін мойындау керек. Палестина азаматтарының талабын жүзеге асыру үшін, Палестина халқын біріктіру үшін, Хамас зомбылықты тоқтатып, бұрын келісілген шарттарды негізге алып, Израильдің өмір сүру құқығын мойындауы тиіс.

Сонымен қатар, Израиль де өзінің өмір сүру мызғымас құқығы секілді Палестина да сондай құқыққа ие екенін түсінуі керек. Құрама Штаттар Израильдің жалғастырып жатқан қонысының заңдылығын мойындамайды. (қолшапалақ) Елдің өрістеуі бұның алдында жасалған келісімдерге қайшы келеді және ол бейбітшілікке қол жеткізуге жұмсалып жатқан күшті жоққа шығарады. Сол ауылдарды салуды тоқтатудың уақыты келді. (қолшапалақ)

Израиль де Палестина халқына өмір сүруге, жұмыс істеп, өз қоғамын дамытуға жағдай жасау үшін уәделеріне берік болу керек. Газада жалғасып жатқан гуманитарлық дағдарыс пен Батыс жағалауындағы мүмкіншіліктердің тапшылығы палестиналық отбасыларын ойран қылып, Израильдің қауіпсіздігіне де ұпай қоспайды. Палестина халқының күнделікті тұрмысының жақсаруы бейбітшілік жолының мызғымас бөлігі болуы керек, ал Израиль сол алға басуды қамтамасыз ету үшін нақты әрекет жасау керек.

Соңында, Таяу Шығыстың Бейбіт жоспары осы елдердің мойнына алған жауапкершіліктің ақыры емес, маңызды алғашқы қадамы екенін мойындау керек. Арабтар мен Израиль арасындағы шиеленіс бұдан былай халықтарды басқа мәселелерден ажырату мақсатында падаланылмау керек. Керісінше, ол Палестина халқына елдерінің нақты болашағын қамтамасыз ететін институттарды құруға, Израильдің заңдылығын мойындауға және өткенге ұтылыс көзқарастың орнына прогресс көзімен қарауға көмектесу әрекеттерінің туындау себебі болу керек.

Америка өз саясатын бейбітшілікті көздейтін серіктестерімен бөліседі, ал біз Израиль, Палестина мен Араб елдеріне жеке айтқан сөздерімізді барлығына жария етіп, ашық қайталап отырамыз. (қолшапалақ) Біз бейбітшілікті ешкімге міндеттей алмаймыз. Бірақ шынын айтсақ, мұсылмандардың көпшілігі Израильдің ешқайда кетпейтінін мойындап отыр. Дәл солай, Израиль тұрғындары да Палестина мемлекетін құру қажеттілігін мойындайды. Қазір біздің барлығымыздың дұрыс деп білетін бағытта жұмыс істеуіміз маңызды.

Тым көп көз жас төгілді. Тым көп қантөгіс болды. Барлығымыз да Израиль мен Палестина аналарының өз балаларының үрейсіз өсуін көретін, үш ұлы діннің қасиетті мекені, Құдай жаратқанда елестегендей бейбітшілік орны болғанын тамашалайтын, Иерусалимнің Еврей, Христиан және Мұсылман діндерінің өкілдеріне қауіпсіз және берік үйі болғанын куәландыратын және Абрамның барлық балаларының Исра аңызында айтылғандай бір-бірімен ізгі тілекпен араласатын күнге жетуіміз үшін көп еңбектенуіміз керек. (қолшапалақ) Исра аңызы Мозес, Иса мен Мұхаммедтің рухтары қолдасын, бірігіп намаз қылған жағдайды бейнелейді. (қолшапалақ)

Үшінші кернеулік көзі – ядролық қаруды пайдаланудағы барлық елдерге ортақ мүдде мен жауапкершілік.

Бұл мәселе Құрама Штаттар мен Иран Республикасы арасындағы шиеленістің көзі болып келе жатыр. Көп жылдардан бері Иран өзін менің еліме оппозициялық мемлекет ретінде танытты, шынында да біздің екі ел арасындағы тарих та оңай болған жоқ. Қырғи-қабақ соғыстың ортасында Құрама Штаттар демократиялық жолмен сайланған Иран үкіметін құлату үшін маңызды рөл атқарды. Ислам революциясынан бері Иран АҚШ әскері мен бейбіт азаматтарына қарсы жасалған кепілгер алу және зұлымдық жасау әрекеттеріне қатысып келді. Оның тарихы да көпшілікке белгілі. Өткеннің қақпанында қала бергеннен гөрі мен Иран басшылығы мен халқына өз елімнің алға жылжуға дайын екенін анық жеткізуді жөн көрдім. Бүгінгі мәселе Иранның неге қарсылық білдіріп отырғаны жайлы емес, оның қандай болашақ құрғысы келетіні жайлы.

Мен сенімсіздік жылдарды ұмытып, артта қалдыру оңай болмайтынын мойындаймын, бірақ біз мәселені батыл және тура шешуге бел будық. Біздің елдеріміз арасында шешімін қалайтын көптеген мәселелер болады, ал біз шарт қоймай, екіжақты сыйластықты негізге алып, алға жылжимыз деп отырмыз. Барлық қатысы бар тараптар үшін, ядролық қаруды айтатын болсақ, біз қазір шешім қабылдайтын мезгілге келіп тірелдік. Мен тек Америка мүдделерін сөз қылып жатқан жоқпын. Бұл аймақ пен бүкіл әлемді қауіпті жолға қоя алатын Таяу Шығыстағы ядролық қару-жарақ сайысының алдын алу мәселесі.

Мен бір елдердің ядролық қаруға ие болуын, ал басқалардың ие болмауына қарсылық білдірушілерді түсінемін. Ешбір ел қай мемлекеттің ядролық қаруға ие болуын, ал қайсысының ие болмауын шешпеу керек. Сол себептен мен Американың мойнына алған ядролық қаруды иеленбейтін әлем құру міндеттемесін растадым. (қолшапалақ) Сонымен қатар, әр мемлекет, Иранды қоса алғанда, ядролық қуатты бейбіт мақсатта, «Жаппай қырып-жару қаруын таратпау» келісіміне сәйкес келген жағдайда ғана падалану құқығына ие бола алу керек. Бұл міндеттеме келісім-шарттың негізін құрайды және оның қарамағына кіретін елдердің барлығы оны орындауға міндетті. Аталмыш мақсатты өңірдегі барлық елдердің қолдай алатынына үміттенемін.

Менің талқыға салатын төртінші мәселем -- демократия (қолшапалақ)

Мен білемін – соңғы жылдары демократияны дамыту мәселесі қарама-қайшылыққа толы болғанын мен жақсы білемін, сол қайшылықтың басым бөлігі Ирактағы соғысқа байланысты. Сондықтан мен ойымды анық жеткізейін: ешбір билік жүйесі бір елдің билігін екінші елдің қалауынсыз жүргізбейді де жүргізе алмайды.

Бірақ бұл айтқаным халық таңдауын жүзеге асырып жатқан үкіметтер жайлы айтылған көзқарасымды жоққа шығармайды. Бұл қағиданы әр ел өзінің дәстүрлеріне негізделіп, білгенінше жүзеге асырады. Америка басқаларға ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін білеміз деп айтпайды, сонымен қатар біз бейбіт сайлаудың нәтижесін жоққа шығармаймыз. Алайда менің барлық адамдардың белгілі бір заттарды қалайтынына түбегейлі сенімім бар, ол мемлекеттік билік жүргізу жайлы пікір қалыптастыру мен өз ойын ашық білдіру; биліктегі заңдылық пен әділеттіктің басымдылығына сенімді болу; үкіметтің ашықтығы мен халықты алдап, жымқырмау; және өз таңдауы бойынша өмір сүру. Бұлардың барлығы тек америкалық ұстанымдар ғана емес, бұлар адам құқықтары. Сол себептен біз оларды қайда болса да қолап жүреміз. (қолшапалақ)

Осы кәделерді жүзеге асырудың түзу жолы жоқ. Бірақ мынадай ойларда айқындық пайда болды: осы құқықтарды қолдайтын үкіметтер басқаларға қарағанда тұрақты болады, олардың жетістігі мол, қауіпсіздігі басым. Тежелген ұстанымдар ешқашан жүзеге аспайды. Америка барлық бейбіт көзқарасы бар және заңға бағынатын адамдардың бүкіл дүние жүзіне өз ойын жеткізу құқығын, онымен келіспеген жағдайда да, қолдайды.

Соңғы айтқаным өте маңызды, себебі бұл жерде өздері биліктен кеткен жағдайда ғана демократияны қолдайтындар бар, ал билікке келген мезгілде олар басқалардың құқықтарын аяусыз шектей бастайды. (қолшапалақ) Сондықтан қай жерде құрылса да, халық билігі оған жеткендердің барлығына бірегей стандарттар қоюға тиесілі: сіздер өз биліктеріңізді зорлау нәтижесінде емес, келісім арқылы жүзеге асыруыңыз керек; сіздер азшылықтардың құқығын сыйлауыңыз керек, оған компромисс және төзімділік сезіммен араласуыңыз керек; сіздер өз халқыңыздың мүддесін және заңға сәйкес жұмыс атқару ұстанымын өз партияңыздың мүддесінен жоғары қоюыңыз керек. Осы бөлшектерсіз тек сайлау арқылы шынайы демократия құру қабілеті шамалы.

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ: Барак Обама, біз сізді жақсы көреміз!

ПРЕЗИДЕНТ ОБАМА: Рахмет. (қолшапалақ) Біздің бірігіп талқылайтын бесінші мәселеміз – дін бостандығы.

Исламда мақтан тұтатын төзімділік дәстүрі бар. Біз оны инквизиция заманындағы Андалузия мен Кордова тарихынан көріп отырмыз. Мен оны бала кезімде Индонезияда өз көзіммен көрдім, ол жерде мұсылмандар басым елде шынайы христиандар өз діндерін ашық ұстанып жүрді. Бүгін біз осындай рухқа ие болуымыз керек. Әр елдің халқы өзінің ойына, жүрегі мен рухына тән дінді таңдап, оған сәйкес өмір сүруге еркін болу керек. Осындай төзімділік діннің өркендеуі үшін өте маңызды, бірақ оған көптеген кедергілер бар.

Кейбір мұсылмандар арасында біреудің дінге беріктігін басқаның дінін менсінбеу арқылы тексеру кеңінен тарап барады. Діни әр-алуандықты, Ливанның матрониты болсын, Мысырдың қоптысы болсын, жан-жақты қолдау керек. (қолшапалақ) Ал шынына келсек, мұсылмандар арасында түсінбеушілік желілері жойылуы керек, ал Сүнниттер мен Шииттер арасындағы айырмашылықтар, атап айтсақ, Иракта орын алған қайғылы зұлымдыққа әкеп соқтырды.

Дін бостандығы адамдардың бірге өмір сүру қабілетінде негізгі орын алады. Біз оны сақтап қалу жолдарын әрқашан сынақтан өткізуіміз керек. Мысалы, Құрама Штаттарда садақа беру ережелері мұсылмандарға өзінің діни ұстанымын жүзеге асыруды қиындатып жіберді. Сондықтан мен Америка мұсылмандарымен бірігіп, оларға зақат жасау мүмкіншілігін қамтамасыз етемін.

Дәл солай, Батыс елдері үшін мұсылман азаматтарының өздері үйренген дінге сену рәсімдерін басқаларға күшпен жапсырмау, мысалы, мұсылман әйелдерге қандай киім киюді үйретпеу маңызды. Біз ешбір дінге жеккөрушілігіміз бен қарсылығымызды либерализмді сылтау етіп жасыра алмаймыз.

Шынында да дін біздің барлығымызды біріктіру керек. Сондықтан біз Америкада әртүрлі Христиан, Мұсылман және Еврейлердің басын қосатын қызмет көрсету жобаларын ойлап шығарамыз. Сондықтан біз Сауд Арабиясының патшасы Абдуллаһтың бастаған интерфейс пікір-алмасу секілді жобаларын және Түркияның Өркениет

Альянсындағы көшбасылығын шын жүректен қолдаймыз. Бүкіл дүние жүзінде біз диалогты интерфейс қызметіне аудара аламыз, сонда халықтар арасындағы көпірлер Африкадағы безгек ауруымен күресу болсын немесе табиғи апаттан кейін елді қалпына келтіру болсын, адамдарды нақты әрекетке итермелейді.

Алтыншы мәселе – менің қозғағым келетін алтыншы мәселе – ол әйелдер құқығы. (қолшапалақ) Мен білемін -- менің білуімше, бұл мәселе жөнінде қызу пікір алмасу жүріп жатыр, сіздер оны осында жиналған қауымға қарап біле аласыздар. Мен кейбір Батыстағылардың әйел басын жабуға келіссе, оның құқығы да шектеледі деген пікірмен келіспеймін, бірақ менің ойымша, білім алмаған әйел теңдіктен де айырылады. (қолшапалақ) Ал әйелдері жақсы білім алған елдердің басқаларға қарағанда тез өркендеуі кездейсоқтық емес.

Қазір де ойымды нақты жеткізуге рұхсат етіңіз: әйел құқығының теңдігі мәселесі бұл тек Ислам мәселесі емес. Түркия, Пәкістан, Бангладеш пен Индонезия секілді мұсылмандар басым елдерінде біз халықтың билікке әйел таңдағанын көрдік. Сонда да әйелдің теңдігі үшін күрес кейбір аспектілер бойынша Америкада және басқа да дүние жүзілік елдерде жалғасып жатыр.

Мен біздің қыздарымыздың дәл біздің ұлдарымыз секілді өз еліне пайда әкелу мүмкіншілігіне ие болатынына сенемін. (қолшапалақ) Біздің барлығымыздың ырысымыз барлық адам баласының потенциалын, әйел болсын, еркек болсын, толық деңгейде жүзеге асыру арқасында ілгерілейді. Теңдікке жету жолында мен әйелге еркектің ісін қайталасын деуден аулақпын, сондықтан өз отбасыларында дәстүрлі өмір сүремін деп шешкен әйелдерге мен үлкен құрметпен қараймын. Бірақ бұл олардың еркін таңдауы болу керек. Сондықтан Құрама Штаттар мұсылман қауымы басым әр елмен серіктесе отырып, қыздардың бастауыш білім алуына, жас әйелдердің микро-несиелендіру арқылы жұмыс табуына, халықтарға армандарына жетуіне жәрдемдесіп, көмек көрсетеміз. (қолшапалақ)

Ақырында, мен экономикалық даму мен мүмкіншілік туғызуды талқылайын деп едім.

Менің білуімше, ғаламдандудың бейнесі қайшылыққа толы. Интернет пен теледидар білім және ақпаратпен қатар үйге жәбірлеуіш жеңсіктік пен ессіз қатыгездік әкеле алады. Сауда қоғамға жаңа ырыс пен мүмкіншіліктер, сонымен қатар үлкен ыдырау мен өзгерістер әкеле алады. Американы қоса алғанда, елдердің барлығында бұл өзгерістер үрей тудырады. Бұл үрей жаңалық арқылы біз өз қауымымызда, отбасымыз, салт-дәстүріміз бен дінімізді ең жоғары бағалап, қадірлейтін құндылықтарымыздан, яғни экономикалық таңдау, саясат пен, ең маңыздысы, өз парапарлығымыздан айырылып, оны бақылаудан шығарып аламыз деген үрей.

Сонымен қатар, мен адамзаттық прогресті жоққа шығаруға болмайтынын білемін. Даму мен дәстүр арасында қайшылықтың болуы шарт емес. Жапония мен Оңтүстік Корея секілді елдер өз экономикасын белгілі мәдениеттерін сақтаудың арқасында керметтей дамытты. Мұны басқа да таңқаларлықтай прогреске жеткен мұсылмандар басымдық ететін Куала Лумпурдан бастап, Дубайға дейінгі мемлекеттер жайында айтуға да болады. Ежелгі заман мен біздің заманда да мұсылман қауымдары білім мен жанартулардың көшбасында орын алып жүрді.

Бұның маңызы зор, себебі ешқандай даму стратегиясы өз топырағына жат ұстанымдардан туындай алмайды, сонымен қатар ол жастардың жұмыссыз жүрген

жағдайында нәтиже әкеле алмайды. Көптеген Шығанақ елдері мұнайдан түскен табыстың қызығын көрді, ал кейбіреулері көпжақты дамуға күш салады. Бірақ білім мен жаңартулардың 21-ші ғасырдың валютасы болатынын барлығымыз мойындауымыз керек. (қолшапалақ) Мұсылман елдердің тым көбінде осы салаларға қаржы салу өте төмен деңгейде болып қалып жатыр. Мен осындай инвестицияларға өз елімде көп көңіл бөліп отырмын. Бұрыннан бері Американың осы өңірдің мұнайы мен газына жоғары маңыз бөлгеніне қарамастан, қазіргі күні біз одан да кеңірек қатынастарды көздеп отырмыз.

Білім беру жайлы сөз қозғайтын болсақ, біз білім алмасу бағдарламаларын кеңейтеміз, оларға қосымша стипендия бөлеміз, солардың бірі кезінде менің әкемді Америкаға алып келді. (қолшапалақ) Сонымен қатар, біз американдықтарды мұсылмандық қауымдастықтарда білім алуға шақыратын боламыз. Және біз әлеуеті мол студенттерді Америкада білімдерін жетілдіруге шақырамыз; дүние жүзіндегі мұғалім мен балалардың білімдерін онлайн жүйесінде жетілдіруге шақырамыз; және жаңадан онлайн жүйелерін құруға шақырамыз, сонда Канзас штатындағы жас бала көзді ашып-жұмған мезгілде Каирдегі жеткіншекпен байланыса алады.

Экономикалық дамуға келетін болсақ, біз ерікті бизнесмендерден жаңа топ құрып, оларға мұсылмандар басым елдердегі әріптестерімен серіктестік құруға жағдай жасаймыз. Үстіміздегі жылы мен кәсіпкерлер саммитін ұйымдастырып, барлығымыз мұсылман қауымдастары мен Құрама Штаттары арасындағы бизнес, қор мен әлеуметтік кәсіпорын басшыларының байланыстарын қалай кеңейтсек деген мәселені анықтауды тырысамыз.

Ғылым мен технологияны дамыту саласында біз мұсылмандар басым елдердің технологиялық дамуын қолдайтын және сол идеяларды нарыққа шығарып, көбірек жаңа жұмыс орындарын ашуға көмектесетін қор ашамыз. Біз Африка, таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда ғылыми жетістіктер орталығын ашамыз да энергияның жаңа көздерін ашу, қоршаған ортаны қорғайтын жұмыс орындарын көбейту, жазбаларды сандық форматқа аудару, суды тазарту, жаңа егін түрлерін шығару секілді бағдарламаларды жүргізетін ғылыми өкілдерімізді жібереміз. Бүгін мен исламдық конференция Ұйымымен бірігіп, полиомелитті жою ғаламдық бастаманы жария етіп отырмын. Сонымен қатар, біз мұсылмандық елдермен бала мен ана денсаулығын сақтау саласында серіктестігімізді кеңейтеміз.

Мұның барлығы серіктестікте жүзеге асу керек. Біздің халқымыз үшін жарқын болашаққа қол жеткізу үшін Американдықтар дүние жүзіндегі азаматтар мен үкіметтер, қоғамдық ұйымдар, дін жетекшілері мен мұсылман қауымдастардағы бизнестермен бірігуге дайын.

Менің атап өткен мәселелерді шешу оңайшылыққа соқпайды. Бірақ біз бүгін қалыптастыруға тырысып жатқан әлемдік жүйе үшін бірігуіміз қажет – ондай әлемде экстремистер біздің халықты үрейлендірмейді, ал Америка әскерилері үйге қайтып келеді; ондай әлемде Израиль мен Палестина жеке мемлекеттерінде қауіпсіз өмір сүреді, ал ядролық энергия бейбіт мақсаттарға ғана қолданылады; ондай әлемде үкімет өз азаматтарына қызмет етеді, ал олардың Құдай балалары болғандықтан иемденген құқықтары қастерленеді. Бұның барлығы да екі-жақты мүдделер. Біз сондай әлем құруға тырысамыз. Бірақ біз оған тек бірігіп қана жете аламыз.

Біз осы жаңа бастауларды тауып шығара аламыз ба деген мұсылман және мұсылман еместердің көптеген сұрақ қоятынын мен біліп отырмын. Кейбіреулері ілгері даму жолымызды бөгеп, бөліну отын ары қарай тұтап, сақтағысы келеді. Кейбіреулер

бұған күш салудың керегі жоқ дейді – біз бәрібір келісімге келмейміз, ал өркениеттеріміз бөлініп, қақтығысып қалады. Ал одан да көбі шынайы өзгерістердің бола алатынына сенімсіз. Көп жылдан бері санамызда қалың үрей мен сенімсіздік қалыптасқан. Бірақ біз өткенімізге қатты байланып қала берсек, ешқашан алға жылжымаймыз. Мен мұны кез келген діннің, кез келген елдің жастарына арнайы айтқым келеді – сіздер осы әлемді басқаларға қарағанда жаңадан елестеп құруға қабілеттісіздер.

Біздің барлығымыз бұл дүниеге қысқа ғана мезгілге келеміз. Мәселе біздің сол уақытты бізді бөлінуге итермелейтін істерге пайдаланамыз ба, жоқ өз күшімізді балаларымызға қалайтын болашақты құру, немесе адам баласының қадір-қасиетін қолдайтын бірегей негіз табуға жұмсаймыз ба.

Соғысты аяқтаудан гөрі бастаған оңай. Біреуді айыптау өз ойыңды талдауға салудан. Біреудің өзгешелігін көру барлығымыздан ұқсастық табудан оңай. Ал біз жеңіл жолдан гөрі дұрыс жол табуымыз керек. Әр діннің жүрегінде жатқан жалғыз қағида бар – басқаларға тек өзімізге қалағанды істеу керек. (қолшапалақ) Бұл ақиқат адам және халық шекараларынан шығады – бұл ежелден қалыптасқан ұстаным; ол ақ, қара немесе сары нәсілділерге ғана тән емес; ол жеке Христиан, Мұсылман немесе Еврейлерге ғана тән ұстаным емес. Бұл сенім өркениет бесігінде туындаған, және ол миллиардтаған дүние жүзі тұрғындарының жүректерін соққызып жатыр. Бұл адамға деген сенім мені бүгін осында алып келіп тұр.

Біздің өзіміз армандаған әлемді құру үшін жеткілікті билігіміз бар, тек баяғыда жазылған ойларды есімізде сақтап, жаңа бастауларды жүзеге асыруға батылдығымыз жетсе.

Қасиетті Құран бізге былай дейді: "О адамзат! Біз сіздерді еркек және әйел ғып жараттық; біз сіздерді бір-біріңізді тани алсын деп халықтар пен тайпаларға бөлдік,

Талмуд бізге былай дейді: "Тора дүниеге бейбітшілік орнату үшін пайда болған".

Қасиетті Библия бізге былай дейді: "Бейбітшілік орнатушыларға Құдайдың рақымы тисін, себебі олар Құдай балалары болу керек". (қолшапалақ)

Дүние жүзінің халықтары бірге бейбітшілікте тұра алады. Бұл Құдайдың ұстанымы екенін біз жақсы білеміз. Сондықтар бұл біздің жер шарындағы міндетіміз болу керек.

Сіздерге рахмет. Сіздерді Құдай қолдасын. Тағы да көп рахмет. Рахмет.
(қолшапалақ)

СОҢЫ жергілікті уақыт 14:05